

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

## КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2019 жылғы 16 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы  
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Ж.Н.Бәйішев,  
баяндамашы судья А.А.Федорцов,  
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,  
В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, К.Л.Чайка,  
сот отырысының хатшысы Я.В.Будниктің қатысуымен,  
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,  
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68,  
69, 73 және 96-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты  
Регламентінің 72 және 85-баптарын басшылыққа ала отырып,  
Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы  
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне түсініктеме  
беру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

### **I. Өтініш берушінің сұрағы**

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия, ЕЭК)  
Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29  
мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі –  
Шарт) ережелеріне түсінік беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште ЕЭК жұмысы практикасында Еуразиялық экономикалық  
комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша, бұдан әрі – Ереже) 30-  
тармағын Комиссияға осы тармаққа сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа  
(бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) мүше мемлекеттер үкіметтері басшыларының  
Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу  
туралы өтініші келіп түскен кезде көрсетілген шешімнің күшіне енуін  
тоқтата тұру бөлігінде қолдану бойынша сұрақтар туындайтыны көрсетілген.

Өтініш беруші Соттан мынадай мәселе бойынша консультативтік  
қорытынды беруді сұрайды: Комиссия Алқасы шешімінің күшіне енуін тиісті  
мәселені Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (бұдан әрі – Үкіметаралық  
кеңес) отырысында қарағанға дейін тоқтата тұруға әкеп соқтыратын  
Ереженің 30-тармағының төртінші абзацымен белгіленген отыз күн  
мерзімнің шегінде көрсетілген шешімнің күшін жою немесе оған өзгерістер  
енгізу туралы ұсыныс жасалған өтінішке мүше мемлекеттердің үкімет  
басшыларының құқығы туындайтын Шарттың 3-бабының, 16-бабы 7-  
тармағының және Ереженің 30-тармағының нормаларын өзара  
байланыстырып түсіндіру сөзсіз болып табыла ма не мұндай құқық шартты

сипатты иеленіп, оның туындауы Ереженің 30-тармағының бірінші, үшінші және төртінші абзацтарының ережелерімен шектеле ме.

## **II. Соттың құзыреті**

Соттың Үлкен алқасының 2019 жылғы 3 маусымдағы қаулысымен Комиссияның өтінішінде қойылған сұрақты қарау Соттың құзыретіне сәйкес деп танылды және өтініш өндіріске қабылданды.

Шарттың 3 және 16-баптарында, Ереженің 30-тармағында жазылған нормаларды өзара байланыстырып түсіндіру және дұрыс қолдану туралы Комиссия қойған сұраққа түсінік беру жөніндегі Соттың құзыреті түсінік беру туралы өтінішті қарау және осы Консультативтік қорытындыны дайындау процесінде расталды.

Комиссияның өтінішінде баяндалған Шарттың нормалары Одақтың құқығына жатады, Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша, бұдан әрі – Статут) 46-тармағына сәйкес оған түсінік беру Соттың құзыретіне кіреді. Комиссия түсінік беру туралы өтінішпен Сотқа жүгінуге құқылы органдарға жатады.

## **III. Соттағы рәсім**

Комиссия қойған сұрақтарды барынша толық түсіну, сондай-ақ Одақ құқығын дұрыс және бір үлгіде түсіндіру және қолдану мақсатында Сот істі қарауға дайындау шеңберінде Комиссияның, мүше мемлекеттердің әділет министрліктерінің, ғылыми және білім беру мекемелерінің атына сұрау салулар жіберді.

Интеграциялық құқыққа қатысты қойылған сұрақтар бойынша пікірлерін Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының әділет министрліктері, Беларусь Республикасының Ұлттық заңнама және құқықтық зерттеулер орталығының, Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтының, Белоруссия мемлекеттік университетінің, Қазақтың Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің, О.Е.Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университетінің, ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университеттің мамандары білдірді. Сот Комиссияның талданатын нормаларды қолдануы практикасын зерделеді.

## **IV. Сот қорытындылары**

Соттың Үлкен алқасы Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларының, соның ішінде шарт халықаралық шарттың терминдеріне олардың мән-мәтінінде берілуі қажет дағдылы мәнге сәйкес, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттары тұрғысында адал түсіндірілуге тиіс делінетін 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-тармағы ережелерінің негізінде Шарттың

ережелеріне олардың жүйелік өзара байланысында түсінік беруді жүзеге асырады.

1. Шарттың 3-бабында Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары айқындалады.

Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары оның органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінде, соның ішінде Одақ органдарының шешімдерін қабылдау мен олардың қолданысы процесінде іске асырылады.

ЕАЭО барлық қатысушылардың теңдігін, олардың арасындағы ынтымақтастықты тиісті түрде қамтамасыз ету үшін Ереженің 30-тармағына, Шарттың 12 және 16-баптарына сәйкес Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (бұдан әрі – Жоғары кеңес) деңгейінде Комиссияның күшіне енген де, сонымен бірге күшіне енбеген де шешімін мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша қарау қажеттігі туындауы мүмкін. Белгіленген механизмдер Комиссия шешімінің күшін жою немесе оны өзгерту, оның күшіне енуін тоқтата тұру немесе қолданысын тоқтата тұру мүмкіндігіне кепілдік береді.

2. Шарттың 8-бабында Одақтың институционалдық жүйесі белгіленеді, оның құрамына осы баптың 1-тармағына сәйкес Жоғары кеңес және Үкіметаралық кеңес, Комиссия және Сот кіреді. Осы Баптың 2-тармағында Одақ органдарының Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейтіні көзделген.

Шарттың 10 және 12-баптарына сәйкес Одақ қызметінің қағидаттық мәселелерін қарайтын, интеграцияны дамыту стратегиясын, бағыттары мен перспективаларын айқындайтын және Одақтың мақсаттарын іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайтын Жоғары кеңес Одақтың жоғары органы болып табылады.

Үкіметаралық кеңес Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Жоғары кеңестің шешімдерін іске асыруды және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін Одақ органы болып табылады, ол Шарттың 16-бабында айқындалған бірқатар басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Шарттың 18-бабына сәйкес Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады. Комиссия Кеңестен және Алқадан тұрады.

Комиссия Кеңесі Одақтағы интеграциялық процестерді жалпы реттеуді, сондай-ақ Комиссия қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады (Ереженің 22-тармағы).

Комиссия Алқасы Ереженің 31-тармағына сәйкес Комиссияның атқарушы органы болып табылады.

Комиссияның реттеуші әсері негізінен шешімдер, өкімдер және ұсынымдар қабылдау арқылы іске асырылады.

Ереженің 14-тармағына сәйкес Комиссияның шешімдерін, өкімдері мен ұсынымдарын Шарт пен Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген өкілеттіктер шегінде және Шарт пен Жоғары Еуразиялық

экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінде (бұдан әрі – Регламент) көзделген тәртіппен Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы қабылдайды.

Ереженің 11-тармағына сәйкес Комиссия Кеңесі мен Комиссия Алқасы қызметінің тәртібі Регламентпен айқындалады.

Регламенттің 31-тармағында Комиссия Кеңесінің №1 қосымшаға сәйкес, сондай-ақ Шартқа және Регламенттің II – VI бөлімдерінің ережелеріне сай оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайтыны белгіленеді.

3. Шарттың 12-бабы 2-тармағының 8-тармақшасына сәйкес Жоғары кеңес өкілеттіктерінің бірі – Үкіметаралық кеңес немесе Шарттың 16-бабы 7-тармағының ережелерін ескере отырып, Комиссия қабылдаған шешімдердің күшін жоюға немесе оларды өзгертуге қатысты мәселелерді мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша қарауы болып табылады.

Шарттың 16-бабының 7-тармағында Үкіметаралық кеңестің өкілеттіктеріне Комиссия қабылдаған шешімдердің күшін жоюға немесе оларды өзгертуге қатысты мәселелерді мүше мемлекеттің ұсынысы бойынша қарауға не келісуге қол жеткізілмеген жағдайда, оларды Жоғары кеңестің қарауына енгізу жатқызылады. Шарттың осы бабының 8-тармағында Үкіметаралық кеңеске Комиссия Кеңесі немесе Алқасы шешімдерінің қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау құқығы беріледі.

Ереженің 30-тармағында және Регламенттің IV бөлімінде мүше мемлекеттердің, Одақ мүшелерінің өтініштерінің негізінде Алқа қабылдаған Комиссия шешімдерінің күшін жою немесе оларға өзгерістер енгізу мәселелері реттеледі. Ереженің 30-тармағы «Комиссия кеңесі» деген II бөлімде орналасқан, ол оны Комиссия Кеңесі қызметінің өкілеттіктері, функциялары және рәсімдері тұрғысында қарауды және түсіндіруді алдын ала болжайды.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 12, 16-баптарының және Ереженің 30-тармағының нормалары ЕАЭО органдарының шешімдеріне шағымданудың әртүрлі нысандарын айқындай отырып, өзара байланысады деп есептейді.

Шарттың 12-бабы 2-тармағының 8-тармақшасы, 16-бабының 7-тармағы мүше мемлекетке Комиссия шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге қатысты мәселені Жоғары кеңестің және Үкіметаралық кеңестің қарауына енгізу құқығын береді.

Осындай ұсыныстар қарауға жатады және олар бойынша Жоғары кеңес және Үкіметаралық кеңес жұмысының жалпы қағидаларына сәйкес күшін жою немесе өзгерту туралы шешім қабылдануы мүмкін (Шарттың 11 және 15-баптары, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 89 және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 96 шешімдері).

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 16-бабы 7-тармағының ережелерін іске асыру Комиссияның тиісті шешімдерінің қолданысын тоқтата тұруға әкеп соқтырмайды деп есептейді. Мұндай салдар Үкіметаралық кеңес

Шарттың 16-бабының 8-тармағына сәйкес шағымдалатын шешімнің қолданысын тоқтата тұру туралы жеке шешім қабылдаған жағдайда ғана туындайды.

Шарттың 8-бабының 1 және 2-тармақтарына, 12-бабы 2-тармағының 8-тармақшасына, 16-бабының 7 және 8-тармақтарына, 18-бабына түсінік беру Одақтың институционалдық жүйесінің шеңберінде Комиссия Алқасының шешімдерін Комиссия Кеңесінің қайта қарауының, сондай-ақ олар бойынша Үкіметаралық кеңеске және Жоғары кеңеске шағымданудың дәйекті рәсімін құру туралы куәландырады. Шарттың 8-бабының 2-тармағында «Одақтың органдары осы Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейді» деп көрсетілуі Одақ органдарына осы актілерімен берілген өкілеттіктердің шегінен тыс шығуға тыйым салуды ғана емес, сонымен бірге осы өкілеттіктерді іске асырудың Одақтың мақсаттарымен келісілуге және Шартта, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген рәсімге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуға тиістігін де білдіреді. Одақ құқығының маңызды ережелерін талдау Одақтың жоғары органдарының Комиссия Алқасы мен Кеңесінің шешімдерінің күшін жою және өзгерту жөніндегі өкілеттіктерін іске асыру тәртібін регламенттейтін норма Ереженің 30-тармағы болып табылатындығын куәландырады.

Ереженің 30-тармағында Комиссия Алқасының күшіне енбеген шешімдеріне ғана шағымданудың арнайы тәртібі белгіленеді. Бұл ретте Ереженің көрсетілген тармағында белгіленген күшіне енбеген шешімге шағымдану рәсімі Комиссия Алқасының тиісті шешімінің күшіне енбеуі және тоқтатыла тұруы туралы жеке шешім қабылдау көзделмейді.

Ереженің 30-тармағының алтыншы абзацын дәлме-дәл түсіндіруден Ереженің 30-тармағының тәртібімен Комиссия Алқасының шешіміне өзгерістер енгізу немесе оның күшін жою туралы ұсыныс осындай шешімнің күшіне енуін тоқтата тұрумен байланысты дербес заңды факт болып табылатындығы және ол үшін жеке шешім қабылдаудың талап етілмейтіндігі келіп шығады.

Соттың Үлкен алқасы қайта қаралуы Үкіметаралық және (немесе) Жоғары кеңеске өтініш жасау тәртібімен мүмкін болатын актінің ерекшеліктеріне назар аудару қажет деп есептейді.

Шарттың 12-бабы 2-тармағының 8-тармақшасынан, 16-бабының 7-тармағынан және Ереженің 30-тармағынан Үкіметаралық кеңестің және Жоғары кеңестің алдына Комиссия шешімінің күшін жою туралы мәселе қойылуы мүмкін екендігі көрінеді, ал ол оның қызметін тоқтата тұрудың негізі болып табылады.

Шарттың 2-бабына сәйкес шешім – бұл Одақ органдары қабылдайтын, нормативтік-құқықтық сипаттағы ережелерді қамтитын акт. Ереженің 13-тармағына сәйкес Комиссия өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық сипаты бар және мүше мемлекеттер үшін міндетті шешімдерді қабылдайды. Құқықтық актінің нормативтік сипаты оны әлденеше рет қолдану

мүмкіндігінде және адамдардың белгіленбеген тобына реттеуші әсердің бағыттылығында көрініс табады.

4. Ереженің 30-тармағының бірінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттің немесе Комиссия Кеңесі мүшесінің Комиссия Алқасының шешімін жариялаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде оның күшін жою немесе оған өзгеріс енгізу туралы ұсынысты Комиссия Алқасына енгізуге құқығы бар.

Соттың Үлкен алқасының пікірі бойынша Ереженің 30-тармағының бірінші абзацында белгіленген мерзім бұлтартпаушылық болып табылады. Шартта Ереженің 30-тармағының бірінші абзацында белгіленген уақыттық шеңбердің шегінен тыс Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізуге жол берілмейді. Бұдан басқа, Шартта осындай ұсыныс енгізуге арналған мерзімді тоқтата тұру не ұзарту көзделмейді.

Бұл ретте Соттың Үлкен алқасы Ереженің 30-тармағының бірінші абзацында көрсетілген мерзімнің Ереженің 16-тармағының бірінші абзацында белгіленген 30 күндік мерзімнен анағұрлым қысқа екендігіне назар аударады, оған сәйкес, егер Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген жағдайда, Комиссия шешімдері ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Одақ құқығы Комиссия Алқасының шешімін күшіне енудің жалпы (Ереженің 16-тармағының бірінші абзацы) және қысқартылған (Ереженің 16-тармағының екінші абзацы) мерзімінен ерекшелейді.

Ереженің 16-тармағының екінші абзацына сәйкес жекелеген жағдайларда Комиссия шешімдері күшіне енудің өзге мерзімін, бірақ ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 10 күн өткеннен кейінгі мерзімді көздеуі мүмкін.

Күшіне енудің қысқартылған мерзімдерін Комиссия Ереженің 18-тармағында көрсетілген шешімдерге (жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын жақсартатын шешімдер) және жедел ден қоюды талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын шешімдерге қатысты белгілеуі мүмкін.

5. Ереженің 30-тармағының төртінші абзацына сәйкес Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Комиссия Кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда не осы тармақтың үшінші абзацында көзделген мерзім өткен жағдайда, бірақ Комиссия Кеңесінің шешімі ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, мүше мемлекет Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына тиісті мәселені енгізу туралы ұсыныспен үкімет басшысы қол қойған хатты Комиссияға жібере алады.

Мүше мемлекеттің Ереженің 30-тармағы шеңберінде Комиссияның күшіне енбеген шешіміне шағымдануға құқығын іске асыруы бірқатар міндетті шарттардың сақталуын болжайды.

Мүше мемлекет, егер:

- мемлекет Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Комиссия Кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген, не

- Комиссия Кеңесі Ереженің 30-тармағының үшінші абзацында көзделген мерзім ішінде – тиісті шешім бойынша материалдар келіп түскеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде көрсетілген мәселені қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдамаған жағдайларда ғана тиісті мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсыныспен Комиссияға жүгіне алады.

Соттың Үлкен алқасы Ереженің 30-тармағының төртінші абзацына сәйкес үкімет басшысының мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсыныспен жүгіну құқығы Комиссия Алқасының шешіміне Комиссия Кеңесінде шағымданудың міндетті фактісінің болуымен түсіндірілетініне назар аударады. Бұл ретте мұндай жүгіну мерзімі Алқаның шағымданатын шешімі жарияланған күннен бастап 15 күн мерзіммен шектеледі.

Ереженің 30-тармағының төртінші абзацын сөзбе-сөз түсіндіру мүше мемлекеттің немесе Кеңес мүшесінің Комиссия Алқасына тиісті өтініш жасауынсыз үкімет басшысының тиісті мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсыныспен жүгінуі мүмкіндігін көздемейді.

Ереженің 30-тармағының төртінші абзацының нормалары осы тармақтың алдыңғы абзацтарының сақталуына байланыссыз іске асырылмайды.

Бұл ретте Ереженің 30-тармағының бірінші абзацында белгіленген қағидаларды сақтау, яғни уәкілетті субъектінің белгіленген мерзімде Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізуі Ереженің 30-тармағының төртінші абзацын қоса алғанда, осы тармақта көзделген бүкіл механизмді қолданудың басты шарты болып табылады.

6. Үкімет басшысы Комиссия Алқасының шешіміне алдын ала шағымданбай Ереженің 30-тармағының бесінші абзацына сәйкес оның күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы өтінішпен шешімдердің мынадай екі санатына:

- жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын жақсартатын шешімдерге;

- жедел ден қоюды талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын шешімдерге қатысты жүгіне алады.

Мүше мемлекеттің үкімет басшысы шешімдердің осы санаттарына қатысты мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсыныспен олардың күшіне ену күніне дейінгі кез келген кезеңде Комиссияға жүгінуге құқылы.

Ереженің 30-тармағының бірінші – төртінші абзацтарының талаптарын міндетті түрде сақтау шешімдердің осы санаттары бойынша көзделмеген.

7. Комиссия Алқасының күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізілген шешімі осы тармаққа сәйкес күшіне енбейді және Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің осы шешімге қатысты мәселені қарауы және осындай қарау қорытындылары бойынша тиісті шешім қабылдауы үшін қажетті мерзімге тоқтатыла тұрады делінетін алтыншы абзацтың нормалары Ереженің 30-тармағының бірінші – бесінші абзацтарының нұсқауларымен тікелей өзара байланыста болады.

Ереженің 30-тармағының алтыншы абзацынан Комиссия Алқасы шешімінің күшіне енбеуі және тоқтатыла тұруы үшін негіз осы Консультациялық қорытындының 5-тармағында белгіленген тәртіптің (мүше мемлекеттің немесе Комиссия Кеңесі мүшесінің күнтізбелік 15 күн ішінде Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсынысты бастапқы енгізуі, материалдарды Комиссия Кеңесінің қарауы, Кеңес шешімімен келіспеген не Комиссия Кеңесі шешім қабылдамаған жағдайларда үкімет басшысының қол қоюымен хат жіберу) сақталуын көздейтін «осы тармаққа сәйкес күшін жою немесе өзгерістер енгізу туралы» осындай шешімге қатысты ұсыныстар енгізу болып табылатыны келіп шығады.

Соттың Үлкен алқасы Ереженің 30-тармағында, егер:

1 – Комиссия Алқасының шешімі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Комиссия Алқасына оның күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізілгеннен кейін:

а) мүше мемлекет Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Комиссия Кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген, не

б) Комиссия Кеңесі күнтізбелік 10 күн ішінде тиісті шешім қабылдамаған (Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені қарамаған);

2 – ұсыныс Ереженің 16-тармағының екінші абзацында көрсетілген Комиссияның шешіміне жататын жағдайларда үкімет басшысының қолы қойылған хатпен мүше мемлекеттің Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсынысы бар Комиссияға беретін өтінішінің негізінде Комиссия Алқасы шешімінің күшіне енбеуі және тоқтатыла тұруы көзделеді деп санайды.

Мүше мемлекет үкіметі басшысының Ереженің 30-тармағының шеңберінде Комиссия Алқасы шешімінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы мәселені Үкіметаралық кеңестің және (немесе) Жоғары кеңестің қарауына енгізу туралы ұсынысы бар өтініші өзге жағдайларда Комиссия Алқасы шешімінің күшіне енбеуіне және тоқтатыла тұруына әкеп соқтырмайды. Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындыға келді:



Ереженің 30-тармағының төртінші абзацында белгіленген, Комиссия Алқасы шешімінің Үкіметаралық кеңестің отырысында тиісті мәселе қаралғанға дейін күшіне енуін тоқтата тұруға әкеп соқтыратын 30 күндік мерзімнің шегінде осындай шешімнің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтініш жасауға мүше мемлекеттің үкімет басшысының құқығы Комиссияға Ереженің 30-тармағының бірінші – үшінші абзацтарында көзделген тәртіппен өтініш жасалған жағдайда туындайды.

#### V. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А.Федорцов

К.Л. Чайка